
conditions for appointment to this position, when choosing, paying attention to extensive practical experience, significant work experience as a judge, significant achievements in the development of the judicial system.

The proposed measures to improve the norms of Kazakh legislation in the field of courts and the judicial system will provide a guarantee for an objective and impartial approach to the requirements imposed on judges, courts and the judicial system as a whole.

References:

1. Karimov K.K. Organization of management in the judicial system: the main stages of reform // Sayasat. - No. 9. - 2016. - pp.19-21.
2. Stetsovsky Yu.I. Judicial power: textbook. 2nd ed. – M.: Delo, 2000. - 400 p.
3. The Constitution of the Republic of Kazakhstan, adopted at the republican referendum on August 30, 1995. Electronic resource: <http://adilet.zan.kz> .
4. Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan No. 132 dated December 25, 2000 "On the judicial system and the status of Judges of the Republic of Kazakhstan". Electronic resource: <http://adilet.zan.kz> .
5. Utibaev G. The Court as a subject of coordination activity of law enforcement agencies. // Themis. - 2008. - No.12. - pp.47-48.
6. Abdrasulov E.B. The role of the judicial system of the Republic of Kazakhstan in the protection of human rights // Law and Economics. - M.: Yurid. House "Justicinform". - 2009. - No. 3. - pp.76-82.
7. Akimbekova S.A. The legal status of a judge in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan. – 2017. - №4 (49). – Pp.35-43.
8. Konusova V.T., Kanieva K.K. Some issues of improving legislation on the activities of courts and the judicial system in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. – 2019. - №4 (58). – Pp.25-34.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Бижанова Н.Ж. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультетінің 1 курс магистранты.

Ғылыми жетекші: Ботагарин Р.Б. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

Әр мемлекеттің өзіне тән, ортақ көрінісі – бұл мемлекетті ұйымдастыруда және мемлекеттік құрылымында өзіне ғана тән үйлесімді ерекшеліктің болуы, осыған байланысты мемлекеттің аумағы оның ішкі құрылысын анықтайтын құрамды бөлшектерге бөлінеді. Сол аумақтық құрылымның көлемінде мемлекеттік аумақтық бөлшектерінің жүйесі қалыптасады. Мемлекет құрылымы – мемлекет нысанының екінші элементі. Бұл ұлттық, мемлекеттік қатынастарды, әкімшілік-аумақтық жүйені, олардың ерекшеліктерін бейнелейді, соның ішінде конституциялық құрылым бұл – сол елдің

Конституциясында бекітілген, мемлекетті құрудағы ерекше бір әдіс немесе ерекше нысан. Конституциялық құрылымның қалыптасу тарихын зерделеудің теориялық, сондай-ақ тәжірибелік те мәні бар. Себебі, ол өзінің ішкі тұтастығымен сипатталатын құқықтық сабақтастықты білдіреді және Конституциямен реттелетін қоғамдық қатынастар мемлекет пен қоғам құрылымының негізін құрайды, сонымен қатар мемлекеттік биліктің жүзеге асуымен тікелей байланысты жүргізіледі [1, 43].

Қазақстанның конституциялық құрылым өткенін, тұрақты және қалыптасушы эволюциясымен қатар, мемлекет пен қоғам өміріндегі орны мен рөлін анықтай отырып, Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, азаматтардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын арттыру мақсатына сай ұлттық құқықтың негізі ретіндегі Конституцияның мән-маңызын меңгерту, Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуының алғы шарты мен мәселелерін таныстыру, қазақстандық мемлекеттік-құқықтық механизмінің жетілдірілуінің құқықтық жолдарын анықтау бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Төл тарихтың интеллектуальдық-ғылыми әлеуеті мен рухани құндылықтарын ашып көрсетіп, өзіндік салт-санасы, болмыс-бітімі, парық-зердесімен үшінші мыңжылдық табалдырығынан аттаған Қазақстан Республикасы Конституциясының да және оның жалпы құқықтық жүйеден алар орны туралы тиісті деректерді жан-жақты қамтыған жөн. Ал, осы сынды өзекті мәселені – Қазақстанның конституциялық мәртебесін тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциялары айқындап берген болатын. 1993 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы 1993 жылдың 28 қаңтарынан, қолданыстағы 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғанға дейінгі кезеңдегі тәуелсіз Қазақстанның дамуында маңызды белес болды. Бұл қабылданған заңнама Қазақстан Республикасының қоғамдық қатынастарын реттеудегі әрі ағымдағы заң шығармашылығы дамуының пәрменді құралы болды. Ал, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы Республиканың қоғамдық және мемлекеттік құрылымының негіздерін бекіткен негізгі заң болып табылады. Сондай-ақ, жалпы заңнаманың, соның ішінде конституциялық заңнаманың негізі болып табылады. Республика өз заңнамасын түзуде халықаралық құқықтық актілерді, сонымен қатар Қазақстанның басқа елдермен жасаған және Республика тарапынан ратификацияланған келісімдерді Қазақстан халықтарының келелі мәселелері үшін қолдануда маңызды [2].

Дербес даму жолына түскен Қазақстан әу бастан-ақ құқықтық мемлекет идеясын қабылдады. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң оны «тәуелсіз, демократиялық және құқықтық» деп жариялады. Жоғарыда айтылғандай, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің құлап, демократиялық саяси институттардың қалыптаса бастауына орай, Қазақстанды демократиялық мемлекет деп есептеуге болады. Сонымен бірге, Қазақстанды құқықтық мемлекет деп атауға да нақты негіз бар.

"Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Егемендігі туралы" декларацияда, содан кейін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Конституциялық заңда көрсетілген билікті жіктеу ережесі 1993 жылғы Конституция қабылданғанға дейін нақты іске асырыла алмады. Бұл күрделі кезеңде мемлекеттіліктің негіздерін құруға және елді басқару, тұрақтылықты қамтамасыз ету жағдайында билікті орталықтандыруға негіз болды. 1993 жылғы Конституция қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік биліктің бірлігі қағидаты негізінде әрекет етті [3].

Құқықтық мемлекет – ұзақ жылдар бойғы тарихи дамудың жемісі. Осы мән-жайды ескере келе, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы құқықтық мемлекет идеясына сақтықпен қарайды. Конституцияның 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп жазылды. Демек, әңгіме Қазақстанның қазірдің өзінде құқықтық мемлекет болып табылатындығы туралы болып отырған жоқ. Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекетті орнықтыру жолына, құқыққа негізделген мемлекет құру жолына түсті.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін және Республикада демократиялық заңдар қабылдаған соң, биліктің әрбір тармағы өзінің лайықты орнын иеленді және шектеу мен теңгерім жүйесі арқылы тәуелсіз болды, ал ең бастысы, жаңа шарттар бойынша – олардың ешқайсысы бір-біріне үстемдік ете алмады. Президент Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының арбитрі мен кепілі болды, яғни біздің Республикамызда мемлекеттік билікті ұйымдастыруда өкіметті бөлу принципі іргелі болды деп айта аламыз [4].

Бүгінде мемлекеттік билік институттары тиімді ұйымдастыру мен бақылау принципі ретінде танылған билікті жіктеуге негізделеді. Бірыңғай мемлекеттік билікті дербес заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарына жіктеу мемлекеттегі саяси билік нысанын айқындайтын саяси-құқықтық қағидаттардың бірі және мемлекетті демократиялық және құқықтық деп танудың басты өлшемі болып табылады.

Құқықтық мемлекетте билік тармақтары жоғары дербестік дәрежесіне ие және мемлекеттегі өз функцияларын өз бетінше орындайды. Билік бір-біріне жұмысқа және бір-бірінің міндеттеріне араласпауы тиіс [5]. Тек сонда ғана олар жеке еркіндік пен қоғамның жүйелі дамуына қызмет етеді. Республиканың мемлекеттік өмірінде билікті жіктеу қағидатын сақтау демократиялық қоғамдағы қоғамдық қатынастарды реттеудің объективті күрделі шартты әдісі болып табылады.

Мемлекеттің демократиялық және құқықтық тануының негізгі өлшемдерінің бірі "мемлекеттік билікті заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарына жіктеу" болып табылады, ол бастапқыда саяси, содан кейін Құқықтық қағидатқа айналды. Қазақстан қоғамындағы биліктің жіктелуі елдегі демократиялық өзгерістер басынан бастап кеңінен талқыланды.

Бұл ереже өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекіткен 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапты. Негізгі Заңның үшінші бабында: "республикадағы мемлекеттік билік тұтас болып табылады, ол өзара іс-қимыл принципіне сәйкес тежемелік пен тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлу жолымен Конституция мен заңдар негізінде жүзеге асырылады» делінген.

Қазақстанда мемлекеттік билікті жіктеу қағидаты және оны сақтауға кепілдік беретін "тежеу және тепе-теңдік" жүйесі Конституцияда бекітілген ғана емес, көптеген заңнамалық және заңға тәуелді актілерде бекітілген. Бұл принцип түрлі мемлекеттік органдар мен оны жария ету арасында өкілеттіктерді нақты бөлуге қызмет етеді. Конституция және басқа заңдар биліктің түрлі тармақтарының бір-біріне ықпал ету формаларын тікелей анықтайды. Бұған Премьер-Министрді тағайындауға Парламенттің келісімі, Үкімет мүшелерінің [6] Парламент алдындағы жауапкершілігі және Жоғарғы Сот судьяларын Сенат сайлауы мысал бола алады [7].

Конституцияның көптеген баптары бұл қағидатты қамтамасыз етуге бағытталған: 75 және 77-баптар Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады және сот төрелігін іске асыру кезінде судьяның тәуелсіздігін тұжырымдайды.

Мемлекет басшысының билікті бөлу принципін қамтамасыз етудегі рөлі ерекше қарауды талап етеді. Конституцияның 40-бабына сәйкес президент халық пен мемлекеттік билік бірлігінің нышаны мен кепілі бола отырып, мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының келісілген жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта биліктің үш сыныптамасына сәйкес келмейтін екі орган бар: Конституциялық кеңес және прокуратура. Олардың іс-әрекеттері құқық үстемдігін, оның ішінде конституциялық қорғауды қорғауға бағытталған [8].

Конституциялық Кеңестің ерекше мәртебесі Конституцияның өзінің әрекеттерімен қорғалатын құқықтық актілердің сатысындағы айрықша орнына негізделеді. Конституциялық нормаларды ресми талқылау кезінде Конституциялық кеңес бұл нормаларды практикада қолданбайды, сондықтан оған "ыңғайлы" талқылау беруге ешқандай қауіп жоқ.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес прокуратура органдары республика аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл және біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңның кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге дау айтады. Прокуратура биліктің барлық үш тармағын билікке ие.

Республика Конституциясында белгіленген бірыңғай мемлекеттік билікті заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарына жіктеу ережелері заңдар жүйесіне қосымша енгізуді талап етеді. Осы Ережені сақтауға қатысты кез келген құқықтық актінің жобасы, мемлекеттік органды құру туралы кез келген шешім қаралуға және бағалануға тиіс. Тек сол кезде ғана шынайы демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде республиканың дамуына сенім артатын болады.

Осы аталған негізге сәйкес қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдары ұйымдастырылып, тиімді қызметін атқарып келеді деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сартаев С.С., Күнқожаева Г.Н. Қазақстан Республикасында билікті бөлу және оларды жүзеге асыру принциптерінің қалыптасуы: Оқу құралы. - Алматы: Жеті жарғы, 2002. - 64 б.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).- <https://online.zakon.kz>

3. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысы.- https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700_

4. Қазақстан Республикасының Президенті туралы Конституциялық заңы 12 желтоқсан 1995ж. .- <https://adilet.zan.kz/kaz/>

5. Исабеков А.Қ. Қазақстан Республикасы Парламентінің құқықтық мәртебесі: заң ғыл. канд. дис. автореф: 12.00.02. - Алматы, 2000. - 29б.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. - <http://adilet.zan.kz/kaz/doc>

7. Қазақстан Республикасының конституциялық заңы «Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның депутаттарының мәртебесі туралы» 16 қазан 1995 жыл. - <https://online.zakon.kz>

8. Байқадамов Н.С., Муйденова А.Қ. Қазақстанда құқықтық мемлекет қалыптастырудағы сот билігінің рөлі // Қазақстан Республикасындағы Парламентаризмнің теориялық және конституциялық-құқықтық мәселелері атты халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары 17 қараша 2006 ж. - Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 309-313 бб.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАРТУ НЕГІЗДЕРІ

Нөкербекова З.Е. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, заң факультетінің 1 курс магистранты.

Мусилимова К.С. - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының профессоры.

Мемлекет басшысының өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы ел халқына Жолдауында басты мақсат – мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы деп нық атап өткені белгілі. Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жеті ұзақмерзімді басымдықтарды іске асыруды қарастырады [1]. Солардың бірі Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік екенін ерекше айтып өтеді. Бұл мемлекеттік қызмет саласының кез келген буынында тиісті міндеттер мен мақсаттардың айқындалуы керектігін растайды. Ал мемлекеттік міндеттер сол қызметті жүзеге асыратын тиісті лауазымды тұлғалардың біліктілігі мен білімділігінен, адал қызметі мен жоғары азаматтық жауапкершілігінен болатыны мәлім. Осы тұрғыда мемлекеттегі жауапкершілік институты аталған салада орын алатын жауапкершілікке тартуға байланысты қатынастардың маңыздылығын, заңмен анықталған реттегі тиісті тәртіптік жауапкершілік тартудың тиімділігін реттейтін, оның жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы өзара қарым қатынасын реттеуде ерекше рөлді атқарады

Тәртіптік жауапкершілік әлеуметтік қауіп төндірмейтін елеусіз теріс қылық жасаған адамдарды жазалау үшін жауапкершіліктің неғұрлым қолайлы түрі болып табылады. Тәртіптік жауапкершіліктің басым болуы оны қолданудың жеделдігі, қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілік шараларына қарағанда жазалау шараларын қолданудың неғұрлым ізгілік құқықтық салдары, қолданылатын рәсімдердің салыстырмалы қарапайымдылығы, тәртіптік жауаптылықтың икемділігі сияқты артықшылықтар есебінен жүзеге асырылады (жалдаушының өкілі әрбір нақты жағдайды ескере отырып: мемлекеттік қызметшіні жазалауды немесе жазаламауды шешеді). Мемлекеттік